

2025 жылы әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 443/ке-қа бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 10 шілдеде № 36425 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Алматы, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаменттерінде әскери жиындардан өту үшін 270 әскери міндетті күнтізбелік 30 күн мерзімге шақырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры генерал-майор Ерлан Ерғалиұлы Алдажұмановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілері және жұмыскерлері таныстырылсын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

Е. Сагимбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі